



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

показывает то, что древние население данного района внесло вклад в общечеловеческую культуру, освоив суровую природно-климатическую зону и выработав для дальнейших поколений адаптационные механизмы выживания.

Список использованных источников

1. *Алексеев А.Н.* Отчет по научно-исследовательской работе. Археологическое обследование и охранно-спасательные раскопки на строящейся автодороге Борогонцы-Тулуна-Эселях-Дыгдыл на участке 8-15 км в Усть-Алданском улусе Республики Саха (Якутия). Якутск, 2004.– С. 11-14.
2. *Алексеев А.Н.* Отчет по научно-исследовательской работе. Археологическое обследование и охранно-спасательные раскопки на строящейся автодороге Борогонцы-Тюнгюлю на участке Сырдах – урочище Курбалах. Якутск, 1992.– С. 35-39.
3. *Алексеев А.Н.* Отчет по научно-исследовательской работе. Археологическое обследование и охранно-спасательные работы в зоне строящегося водовода р. Лена – п. Борогонцы в Усть-Алданском улусе Республики Саха (Якутия). Участок : МТФ Мэкэри – Сырдах – Чаранг – Борогонцы. Якутск, 1995.– 8 с.
4. *Окладников А.П.* Ленские древности. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1950. — Вып. 3.- С. 124-145.
5. *Алексеев А.Н.* Древняя Якутия: неолит и эпоха бронзы. Новосибирск, 1996. – 142 с.
6. *Сентекяева Н.П.* Роль А.П. Окладникова в исследованиях неолита Якутии. Молодой Ученый, 2014. № 20.2 (79.2) С. 45-47.

УДК 39

МОҢҒОЛ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚЫПШАҚ ЖӘНЕ ХОРЕЗМ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Талгатбеков Адлет

adlettalgatbek@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент Ұ.Ұ. Үмітқалиев

Бұл кезең Текештің ұлы Мұхаммедтің (1200-1220 жж.) билік құруымен сипатталады. Оның қыпшақтармен саяси қарым-қатынасы тікелей ұран тайпасының көсемдерінің бірі Алып-Дерекпен арада болған еді. Сондықтан сөздің басын аталған қыпшақтардың көсемінен бастауды дұрыс деп санадық. Сонымен, Алып-Дерек өзінің Қайыр-хан Иналшық атты жаңа есімін XII ғасырдың соңында орын алған оқиғаларға байланысты алса керек. Оны еске түсіріп көрелік, 1198 жылы Алып-Дерек Мұхаммедпен (Текештің ұлы) бірігіп, өз ағасы Қыран Қадыр-ханға қарсы жорық жасайды. Бұдан байқайтынымыз Алып-Дерек пен Қыранның арасындағы күрес тақ мұрагерлігі үшін болғандығы. Мүмкін, Алып-Дерек өз ағасы Қыранның қартайғандығы себепті тақ билігін басып алуды көздеген болуы керек. Нәтижесінде Қыран тұтқынға түсіп, қыпшақтардың билігіне Алып-Дерек келеді және өз ағасы кезіндегідей ол да Хорезмнің тынышын алған көршісіне айналады. Сұлтан Текеш өлерінің алдында, яғни 1200 жылы тұтқында отырған қайын атасы Қыран Қадыр-ханды босатып, оны әскермен жабдықтап, өзінің бұрынғы одақтасы болған Алып-Дерекке қарсы аттандырды. Екеуінің арасындағы бір жылдай уақытқа созылған күрестің барысында Алып-Дерек жеңіске жетеді.

Бұл оқиға, Текештің ұлы Мұхаммедтің тұсында орын алды. XIII ғасырдың басында Хорезмнің саяси, экономикалық күш-қуаты бұрынғыдан да күшейіп, болашағы жарқын мемлекеттің кейпін көрсетті. Оған ешқандай күмәннің болуы мүмкін емес те еді, өйткені

Мұхаммедтің қолында мұсылман шығысындағы ең күшті мемлекеттің билігі болды. Орта Азиядағы мұсылман халқы хорезмшахы Мұхаммедті дінсіздер болған қарақытайлардың (қарақытай дегеніміз моңғол тілдес қидан тайпалары, 1128-1211 жж. Жетісуда қарақытай деген атпен өз мемлекетін құрған) езгісінен бірден-бір құтқарушы деп таныды және сенді. Оған Мұхаммедтің Мауереннахр халқын қарақытайлардан азат етудегі барлық прогрессивті рөліне алғышарттар болды. Алайда олардың бұл үміттері ақталмады, себебі Мұхаммед шетелдіктердің езгісінің орнына жеке өз басының езгісін орнатты. Өзінің билік құрған алғашқы жылдары гуридтермен соғыс барысында қарақытайларға алым-салық төлеп тұрды және олардың көмегін пайдаланды. Хорезмшах Мұхаммед тек 1210 жылы ғана Талас өзенінің бойында қарақытайлармен ашық соғысқа шықты. Алайда шайқас екі жаққа да басымдық әкелмесе де, Мұхаммед өзін жеңіскер және дінсіздердің езгісінен мұсылмандарды азат етуші деп санады. Сөйтіп, ол «екінші Александр» титулын қабылдады [1, 222 б.].

Мұхаммедтің қарақытайлармен жүргізіп жатқан жанкешті соғыстарын өз мүдделеріне шебер пайдаланған қыпшақтар қайтадан Хорезмнің солтүстік шекараларына шабуылдар жасай бастады. Жувеинидің айтуынша, сол уақыттарда сұлтанның жоқтығын пайдаланған, «кезіндегі Қыран Қадыр-ханның бодандарының қалдықтары Жент өңірін талап-тонады» [1, 222 б.].

Қыпшақтар қоныстанған Түркістан аумағының билеушісі болып тағайындалған ол, жаңа талапқа жауап бермейтін Инал титулынан бас тартты. Ал 1218 жылы Қайыр-хан атына ие болып, Отырар қаласының билеушісі болды. Оның генеологиясын тарихшы-ғалым, қыпшақтанушы С.М. Ақынжанов былайша көрсетеді: «Алып-Қара Ұран (қыпшақ ханы болған) – оның кіші ұлы (Есімі белгісіз) – одан оның ұлы Алып-Дерек немесе Қайыр-хан Иналшық» [1, 220 б.]. Қайырхан Иналшық көпшілік оқырман қауымға жақсы таныс тарихи тұлға. Оның есімі, әсіресе, 1218 жылы орын алған «Отырар апаты» оқиғасымен және 1219 жылы Отырар қаласын моңғолдардан 6 ай бойы қорғауы ерекше маңызға ие әрі халық арасында әйгілі болды.

1218 жылғы Отырар әмірі Қайыр хан Иналшық пен моңғол көпестерімен арадағы болған қақтығыстың сәл ғана алдында, яғни Хорезмшах Мұхаммед 1210 жылы қарақытайларға жасаған жорығынан қайтып келе жатып, өзіне қарсы бас көтерген Отырар қаласының билеушісінің қарсылығын басып-жаныштайды. Бұл бас көтеруді күшпен басқаннан кейін, Хорезмшах Мұхаммед қала әкімін жер аударып жібереді. Ортағасырлық тарихшы Ан-Несевидің «Сират ас-султан Джелал ад-Дин Манкуберти» («Жалал ад-Дин Манкуберти сұлтанның өмірбаяны») деген шығармасындағы мәлімет бойынша оның есімі Таж-ад-дин Білге-хан болған. Ал Қайыр хан Иналшық бұл кезде Хорезмшах Мұхаммедтің вассалы ретінде Түркістан (Дешті Қыпшақ) өңірі қыпшақтарының орталығы Сығанақ қаласында билік құрып отырған.

XIII ғасырдың басында Кіндік Азиядағы Онон және Керулен өзендерінің бойында Шыңғыс-хан құрған Моңғол империясы қуатты мемлекетке айналып, әлемді бағындыруға көшеді. Ол азғана уақыттың ішінде солтүстіктегі «орман халықтарын» (бурят, якут және енисей қырғыздарын), ұйғырларды, таңғұттарды, Солтүстік Қытайды жаулап алады [2, 171-173 бб.].

Шыңғыс-ханның жеткен жеңістері туралы хабарлар Орта Азияда алуан түрлі пікірлер туғызды. Бұл жәйттер хорезмшахын Моңғолияға бірінен соң бірін – екі елшілік аттандыруға мәжбүр етті. Өз тарапынан Шыңғыс-хан да елшілік жіберді. 1218 жылдың көктемінде хорезмшах Мұхаммед осы елшілікті қабылдады.

Содан көп кешікпей Шыңғыс-хан Орта Азияға сауда керуенін жіберді. 500 түйеден тұратын керуенде моңғол жансыздарын қоса есептегенде барлығы 450 адам болатын. Көп адамы бар керуен 1218 жылдың жазында Отырарға келіп жетті. Керуендегі көпестердің арасындағы біреуі Қайыр-ханды жас кезінен білетін болып, Отырар қаласының әкімін бұрынғы Инал титулымен атайды. Бұған қатты ашуланған Қайыр-хан оны өлтіріп, басқаларын да қырып тастуға және керуенді тонауға бұйрық береді. Алайда бұл қырғынға Инал лауазымен атау оқиғасы тікелей себеп емес еді. Ал Қайыр-ханның бұндай қаталдыққа

баруы керуендегі саудагерлердің Отырар қаласының халқына «төніп келе жатқан апат» жайында үрейлендіретін, абыржушылық тудыратын хабарлар таратуы болса, екіншіден, олар ашықтан-ашық түрде тыңшылық әрекетке баруы [1, 223 б.]. Бұл оқиға тарихта «Отырар апаты» деген атпен қалды.

Бұл оқиғаның мән-мағынасын толықырып, ашып көрсете кетейік. 1216 жылы Алып Дерекке (Қайыр-хан Иналшық) қарсы соғыс жасап, оны, өкшелей қуған хорезмшахы Торғай даласында алғаш рет моңғолдармен қақтығысып қалады. Екі армияның арасындағы шайқас кездейсоқ болғанымен, екі жақтың ешбірі де жеңіске жете алмайды. Бұл оқиға 1216 жылы орын алып, былайша өрбіген еді. Шыңғыс-хан үлкен ұлы Жошыны 20 мың әскерге басшы етіп, меркіт тайпаларын бағындыруға аттандырады. Меркіттердің соңынан түскен моңғол әскері Алып-Деректің ізіне түскен хорезмшахы Мұхаммедпен Торғай даласындағы Ырғыз өзенінің солтүстік аумағында кездеседі [1, 227 б.]. Жошы бастаған моңғолдардың саны 20 мың, ал Мұхаммедтің әскері 60 мың болды және хорезмдіктердің моңғолдардан үш есе артық екеніне көз жеткіземіз. Алайда моңғол әскері шайқаста табандылық көрсетіп, сол күні түнде демалып жатқан жерлерінен оттарын сөндірмей Моңғолияға қарай кері шегініп кетеді. Бірақ бұл шайқас хорезмшахы Мұхаммедтің қолбасшылық қызметіне, ел басқарудағы ісіне үлкен із қалдырды. Оны 1219 жылғы моңғолдардың Орта Азияға шапқыншылығынан анық көреміз. Яғни, Мұхаммед әскер санының көптігіне қарамастан моңғолдармен ашық далада шешуші ұрыс салуға батылы бармай, армиясын әр қалаға бөліп орналастырады. Хорезмшахы бұл жерде тактикалық және стратегиялық жағынан үлкен қателік жасады. Нәтижесінде моңғол әскері әрбір қаланы жеке-жеке қоршап, бірінен кейін бірін басып алып отырды. Жеңіліске ұшыраған сондай қаланың бірі, қыпшақтан шыққан қолбасшы Қайыр-хан Иналшық билеген Отырар қаласы болды.

Хорезмшахы Мұхаммедтің 1216 жылғы қыпшақтарға жасаған бұл жорығы Ырғыз өзеніне келген кезде іркілуге мәжбүр болды. Себебі, өзеннің бетін жапқан мұз құрсауы оның әскерінің өтуіне кедергі жасаған болатын. Академик В.В. Бартольд мәліметі бойынша, бұл оқиға көктем шығып келе жатқанда орын алып, ери бастаған өзеннің мұзы атты әскердің салмағын көтере алмайтын еді [1, 436 б.]. Тек өзен мұзының еріп, сең жүруі аяқталғаннан кейін барып қана хорезмшахы өзеннен бүкіл әскерімен өтіп, онда да бөгелмей солтүстікке қарай жылжыды. Меркіт тайпаларын өкшелей қуған Жошы басқарған моңғол әскерімен хорезмшахы Мұхаммедтің әскер қосындары арасындағы қақтығыс жаздың басында орын алды, яғни хорезмшах әскерінің өзі Ырғыз өзенінен өткеннен кейін де солтүстікке қарай бір айдан аса уақыт жүргенін атап өтеміз. XII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген оқымысты Ибн әл-Асирдің «Ал-Камил фиттарих» («Тарихтың толық суреттемесі») атты тарихи шығармасында хорезмшах Мұхаммед Самарқанд қаласынан Дешті Қыпшақтың солтүстік аймақтарына дейін төрт ай жүріп, осы уақыт ішінде, ол әлбетте, қазақ даласының ең шет аймақтарына дейін жетті. Яғни, Қайлы және Қимаш деген өзендердің аралығында моңғол әскерлерімен кездесіп, өысөа, бірақ жан алып, жан беріскен қақтығыс орын алған болатын.

1219 жылдың қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан мен Орта Азияға бағытталған жорық Ертіс жағалауынан басталды. Моңғол әскері Ертістен Сырдарияға дейін – Жетісу арқылы жүріп өтті. Шыңғыс-ханның хорезмшахпен соғысу үшін жинаған әскерінің дәл саны белгісіз, дегенмен дерек мәліметтеріне сүйене отырып, «одақтастарымен – Жетісу қарлұқтарымен және Шығыс Түркістан ұйғырларымен қосып алғанда 150 мың жауынгер деген сан жобаға келеді» [3, 443 б.], - деген тұжырым жасаймыз. Хорезмдей күшті мемлекет Шыңғыс-хан шапқыншылығына төтеп бере алмай, бар жоғы бір жарым жылда жеңілді. Сөйтіп, олардың территориясы Моңғол империясының құрамына кірді. Хорезмшахы Мұхаммед Каспий теңізінің бір аралына қашып барып, сол жерде 1222 жылы қайтыс болады. Оның ұлы Жалал ад-дин Манкуберти сұлтан Үндістанның солтүстігіне шегініп, сол жақтан моңғол әскеріне табанды қарсылық көрсетті.

Хорезмшах Мұхаммедтің өзімен әскери күш-қуаты тең Шыңғыс хан әскерінен жеңілуінің көптеген объективті және субъективті себептері болғандығы рас. Солардың

ішінде мына бір нәрсеге тоқтала кетейік. Хорезмшахының әскері әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған. Тарихшы Жувеинидің айтуына қарағанда, Мауереннахрдағы басты қала – бір ғана Самарқанд гарнизонындағы әскердің жалпы саны 110 000 адам, оның 60 мыңы түркі, 50 мыңы тәжік болған еді [4, 251 б.]. Тәжіктер мен түркілер арасында татулық болмады. Яғни, бірлік жоқ жерде тірлік жоқ деген халық даналығы осыны көрсетсе керек. Оның үстіне Тәжіктер түркілерді төменшіктетті. Керісінше, түркілер моңғолдарға жақындау болды. Оның үстіне Шыңғыс хан әскерінде бірнеше түркі тілдес тайпалардың құрамалары жүрді және де түркілер моңғолдармен жалпы ортаазиялық көшпелі салт-дәстүрлері жағынан да жақын еді. Осы жақындықтарды моңғолдар қатты пайдаланды. Тіпті, достық келісімге сенген түркілерді әлсіетіп алып, соңынан жойып жіберген кездері де болды. Мысалы, Самарқанды қоршау кезінде моңғолдар хорезмшах Мұхаммедтің анасы Теркен-қатынның ағасы басқарған түркі гарнизонының бір бөлігін өздеріне әскери қызметке қабылдауға келісіп, бірақ қаланы алған соң 20 көсем басқарған 30 000-дық түркі жасағын жазық далада қоршауға алып, қырып тастады. Осындай жолмен 1223 жылғы Оңтүстік орыс даласындағы Калка өзені бойында орыстарды талқандап, одан кейін өздері келесімге шақыра отырып тоқтатып қойған половецтердің әскери қолын жойып жіберген болатын. Сонымен бірге, хорезмшахының жіберген қателігі, ол әскери-стратегиялық-тактикалық қателік. Яғни, 1216 жылғы Торғай даласындағы моңғолдармен ұрыста олардың ашық даладағы соғыс өнеріне тәнті болып, екінші мәрте ашық соғысқа жүрегі дауаламады. Сол себепті, ол Шыңғыс ханның әскерінен ешбір кем түспейтін армиясын әр қалаға бөліп орналастырып, нәтижесінде жеңіліске ұшырады.

Қолданылған әдебиет:

1. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Атамұра, 1996. – I том.
4. Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы (Көне дәуірден біздің заманымыздың ХІҮ ғасырына дейінгі кезең). 1-кітап. – Алматы: Білім, 2005.

УДК 929

ХАЛЕЛ АРҒЫНБАЕВТЫҢ ТВОРЧЕСТВОСЫ

Утарбаева Альбина

Alba_2802@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.к., доцент З.Ө. Ибадуллаева

Қазақ халқы туралы этнографиялық деректер ерте кездерден белгілі. ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсарин, орыс ғалымдары Г.Н.Потанин, И.Г.Андреев, Н.Аристов, А.Левшин өз дәуіріндегі қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті жайында құнды еңбектер жазып кеткен. Қазақстанда этнография ғылымының дамуының маңызды кезеңі соғыстан кейінгі жылдарда басталады. Қазақ этносы ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде этнографиялық зерттеуден 20-жылдардан бастап өткен. Соның ішінде Халел Арғынбаев қазақ этнографиясының ғылыми негізін салуға, ілгері дамытуға қосқан үлесі зор. Өзінің артындағы ғылыми қауымға, көпшілік жұртшылыққа алтын қор етіп қалдырған сүбелі еңбектерінің құндылығы еш уақытта кемімейді.

Халел Арғынбаев Павлодар облысы Баянауыл ауданында 21 қыркүйек 1924 жылы дүниеге келген. Халел Арғынбаев 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. 1951 жылы ҚазПИ-ді